



Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының
Орал қаласы білім беру бөлімінің «№50 жалпы орта білім
беретін мектебі» КММ



«Самғау» желілік
қауымдастығы
семинары

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ТАҒЫЛЫМЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫНДА

Зайнулина А.Т
Қазақ тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі
пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші



Семинар мақсаты: *Тәуелсіздіктің 30 жылдық тұғырында ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің қазақ халқының тарихы мен мәдениетінде және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырған тұлға ретінде насихаттап, оның өшпес ілімі мен өнегелі мұраларын жастарға насихаттау.*

ҚАЗАҚСТАН

ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ



- 1991 жылы Қазақстан егеменді ел болды. Еліміздің Тәуелсіздігін ең алғаш болып мұхиттың арғы жағында жатқан Америка Құрама Штаттары, екінші Қытай, содан соң Ұлыбритания мойындады. Оның артынан Моңғолия, Франция, Жапония, Оңтүстік Корея және Иран Ислам мемлекеті мойындады.



Тәуелсіздік – баға жетпес байлық





Тәуелсіздіктің тар жол, тайғақ
кешуінен, беттен қағар желінің
есуінен тайсалмауға тиіспіз.

(Нұрсұлтан Назарбаев)

дереккөзі:

<https://massaget.kz/layfstayl/madeniet/persona/15359/>

30

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН



Ағыл да тегіл арындап арман ағысы,
бүтіндеп бойын бүрленді бүкіл бак іші.
Жанданып жатыр жарасын жалап жазатын
табанын тұздан тоздырған түздің тағысы.
Қағанаттардан Қазақстанға жеткендей,
қамшы салдырмас қазанаттардың шабысы.

Айбаты асқақ арыстандайын алыстым,
Абылай болып жаныштым мысын Шарыштың.
Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мағжан, Жүсіпбек –
алты алаш үшін құрбаны болған Намыстың.
Қайрат пен Ербол, Сәбира, Ләззат көз жұмған
Желтоқсандағы ызғарлы желмен қағыстым.



Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫҢДА
ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ
2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ»
ӘДІСТЕМЕЛІК НУСҚАУ ХАТ**

Нұр-Сұлтан
2021

30

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН



2021-2022 оқу жылындағы мерейтойлық күнтізбелік күндерге назар аудару ұсынылады.

- Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – **30 жыл**;
- Семей ядролық полигонының жабылуына – **30 жыл**;
- Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогі Ыбырай Алтынсариннің туғанына – **180 жыл**;
- Қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына – **175 жыл**;
- Қазақтың әйгілі күйші-композиторы, Қазақстанның халық әртісі Дина Нұрпейісованың туғанына – **160 жыл**;
- Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі, публицист, ғалым, аудармашы Әлихан Бөкейханның туғанына – **155 жыл**;
- Қазақ ақыны, әдебиеттанушы ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына – **150 жыл**;
- Қазақтың лирик ақыны Мұқағали Мақатаевтың туғанына – **90 жыл**;
- Этнограф, өнертанушы, әдебиетші, журналист, қоғам қайраткері Ақселеу Сейдімбектің туғанына – **80 жыл**.

30

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН

Рухани-адамгершілік тәрбиені қалыптастыруда қазақтың педагог-ағартушысы, жазушы, фольклоршы, қоғам қайраткері, ғалым-этнограф *Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына; қазақтың халық ақыны Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына; көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Әлихан Бөкейхановтың 155 жылдығына; қазақ әдебиеттануы мен тіл білімінің негізін салушы, ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына; Қазақ КСР Халық әртісі, қазақтың белгілі музыкатанушысы, композитор, дирижёр, ақын Ахмет Жұбановтың 115 жылдығына; қазақтың белгілі лирик ақыны, аудармашы Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына арналған бұқаралық іс-шаралар өткізу маңызды рөл атқарады.*

Бұл іс-шараларды «Қазақстанның ұлы ақындары мен жазушылары», «Адамзаттың ұлы ұстаздары», «Қазақстанның ұлы ойшылдары мен

философтары» атты әдеби кеш, «Сұлулық әлемді құтқарады» атты поэтикалық кеш, «Жақынына жанашыр бол» атты әдеби-музыкалық композициялар, «Махаббат – адам өмірінің негізі», «Мейірімділік – адамның асыл қасиеті» атты рухани-адамгершілік мазмұндағы тестілер мен сұхбаттар түрінде ұйымдастыруға болады.



Алғашқы қоңырауға арналған «Кел, балалар, оқылық!» салтанатты жиыны 1-сынып оқушылары үшін ұйымдастырылады және «Әліппе»/«Букварь» алғашқы оқулығы салтанатты түрде табыс етіледі. Іс-шараға бірінші сынып оқушылары ата-аналарының біреуіне қатысу ұсынылады. 2021 жылдың 1 қыркүйегінде 2-11-сыныптарда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында республикалық сынып сағаты, ашық сабақ өтеді. Жаңа оқу жылында білім





30

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН

Қазактын ұлы педагог
ағартушысы, фольклоршы,
қоғам қайраткері, ғалым-
этнограф, жазушы
Ыбырай Алтынсариннің
туғанына 180 жыл

02.11.1841 – 30.06.1889ж



Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы 2 - ші қарашада қазіргі Қостанай облысы Қостанай ауданында дүниегекелген. Ыбырайдың өз әкесі Алтынсары ерте қайтыс болғандықтан, ол атасы Балғожа бидің тәрбиесінде өскен. Балғожа би немересі Ыбырайды 1850 жылы Орынбор шекара комиссиясының қазақ балалары үшін ашқан жетіжылдық мектебіне оқуға береді. Ресей үкіметінің көздегені осындай мектептер арқылы жергілікті әкімші, орындардаға қазақтың өз ішінен қызметкерлер әзірлеу еді. Мектеп оқушылары отаршылдық саясат рухында тәрбиеленуге тиіс болды. Бірақ жасынан зерек Ыбырай Алтынсарин бұл мектептің оқу жүйесі шеңберінде қалмай, дүние жүзі әдебиеті мен орыс әдебиеті классиктерінің шығармаларын өздігінен оқып, білмін жетілдірді.



30

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН

Алтынсарин өз отбасымен бірге, 1889 жыл



Ағартушылық қызметімен қатар басқа да қызметтер атқарды. 1868-1874 жылдары Орынбор генерал губернаторының арнайы тапсыруы бойынша төрт рет Торғайдың уездік судьясы, 1876-1879 жылдары Торғай уездік бастығының аға жәрдемшісі болды. Инспекторлық қызметке кіріскен кезден бастап, Ыбырай Алтынсарин зайырлық мектептер ашуды қолға алды. Ең алдымен, ол облыстық, уез орталықтарында училищелер ашуға шешім



30

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН



Елек, Қостанай, Торғай уездеріне бір-бірден екі сыныптық орыс-қазақ мектептерін ашты, олардың бәрінде де кітапханалар ұйымдастыруға зор мән берді. Осыдан кейін облыстық бастауш мектептер ашу ісін қолға алды. Бұл үшін ол «болыстық қазақ мектептері туралы записка» жазды. Мұнда Ыбырай Алтынсарин тек қазақ даласының ғана емес, Ресейдің жартылай көшпелі аймақтарының өмір тіршілігіне бейім, қыста бір жерде орнықты отыратын мектептің жаңа түрін ұсынып, халық ағарту жүйесіне елеулі үлес қосты.



30
ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН

**1864 жылы Торғай қаласында Ыбырай Алтынсарин ашқан тұңғыш
мектеп**



30
ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН

Ыбырай Алтынсарин шәкірттерімен бірге



Ыбырай Алтынсариннің ұсынысы бойынша 1888 жылы 10 сәуірде Орскіде бастауыш мектептер үшін қазақ жастарынан оқытушылар даярлайтын мектебі ашылды. Оған Торғай, Ырғыз қалаларындағы орыс-қырғыз училищелерінің жақсы бітірген жастары алынды.

Ыбырай Алтынсарин қазақ жастары арасынан экономика салаларына қатысты қажетті мамандар әзірлеу ісіне ерекше мән беріп, қолөнер, ауылшаруашылығы училищелерін ашуға көп күш жұмсады. Торғайда қолөнер училищесін ұйымдастырды.



30
ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН

1884 жылы Ыбырай құрған Қостанай екі сыныптық орыс-қазақ училищесі



30

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН



Торғайдағы қолөнер училищесі



Обағандағы болыстық мектеп




Ыбырай Алтынсарин қайтыс болар алдында Қостанайда ашылғалы отырған ауылшаруашылығы училищесіне өзінің иелегіндегі жерін беретіні туралы өсиет қалдырды. Ыбырай Алтынсарин Ырғызда қазақ қыздары үшін жанында интернаты бар мектеп аштырды. Мұның өзі қазақ халқының тарихындағы маңызды оқиға болды. Ол патша әкімшілігінен Торғай облысының барлық уездерінде қыздар училищелерін ұйымдастыруын өтінді. Алайда бұл рұқсат ол қайтыс болған соң, екі жыл өткеннен кейін, Торғайда (1891ж.), Қостанайда (1893ж.), Қарабұтақта (1895ж.), Ақтөбеде (1896ж.) жанында интернаттары бар қыздар

30

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ

ҚАЗАҚСТАН



Ыбырай Алтынсарин орыс-қазақ мектептері үшін арнаулы оқу құралдарын шығару қажет деп санады. Оқыту әдістерін жаңа бағытта құрды, оқуға деген баланың ынтасы мен қызығушылығын арттыруды көздеді, оқуды ана тілінде жүргізді. Қазақ балаларының таным-түсінігіне лайықты оқу-әдістемелік құралдар жазды. 1879 жылы оның «Қазақ хрестоматиясы» атты оқулығы және оқыту әдістемесі жөнінде «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» құралы жарық көрді. Бұл екі кітап та



Ыбырай Алтынсарин өз шығармаларында өмірдегі шындықты жазды, өмірге аса қажет жаңалықтарды дәріптеді. Мысалы: «Кел балалар, оқылық», «Өнер-білім бар жұрттар», «Әй, достарым», «Әй, жігіттер» деген өлеңдерінде жастарды білім алуға үгіттеп, халықты сол кездегі ғылымның табыстарымен таныстарды, көркем сөзбен жазылған әңгімелерінде халықты отырықшылыққа егін, қолөнері кәсіптерімен шұғылдануға үгіттеді

Табиғат көріністерін жеке алып, нақты суреттеу Ыбырай Алтынсариннің лирикалық өлеңдерінен басталады. Ақын өзінің «Жаз», «Өзен» атты өлеңдерінде жыл мезгілдерін шеберлікпен сипаттайды. Ыбырай Алтынсариннің төл әңгімелері қысқа да нұсқа құрылып, мазмұны жағынан ұтымды келеді. Осыған орай оның «Қыпшақ Сейітқұл», «Кейіз үй мен ағаш үй» тәрізді новеллаларын тілге тиек етуге болады. Бұлармен үндес «Аурудан аяған күштірек», «Асыл шөп», «Шеше мен бала», «Бай





Кел, балалар, оқылық!

Бір Аллаға сыйынып,
Кел, балалар, оқылық!

Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық!

Мал дәулеттің байлығы

Бір жұтасаң жоқ болар.

Оқымыстың байлығы

Күннен-күнге көп болар...



30

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН



- ◆ **Білім – гаухар, бағасы жоқ,
Надандық – кесел, дауасы жоқ.**
- ◆ **Мұғалім – мектептің жүрегі. Мен жақсы
мұғалімді дүниедегінің бәрінен де қымбат
бағалаймын.**



Ыбырай Алтынсарин



- ❖ **Адамгершілікке тәрбиелеу құралы — еңбек пен ата-ана үлгісі**
- ❖ **Балаға берілген бірінші тәрбие ата-анасын, туысын, жолдасын сыйлауға үйретуден басталады.**
- ❖ **Оқыту процесінде қалай болса солай оқытпай - ғылым, білім беру жүйесі сақталу керек.**
- ❖ **Педагогикалық жұмыстағы шешуші нәрсе - ең жақсы оқыту әдістерін таба білуде.**
- ❖ **Мектеп қабілетсіздік пен жалқаулықтың ұясына айналмауы тиіс.**


30
ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН

Ыбырай Алтынсарин



30

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН



30

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН



30

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН



Егер де біздің қазақтар өз ана тіліне бөтен тіл араластырмастан аңғарып сөйлесе, қазақ тілі жаттық әрі анық болар еді.

Ыбырай Алтынсарин





30

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН

Қазақ халқының асыл перзенті, Ы.

Алтынсаринді мәңгі есте қалдыру мақсатымен оның есімі Отанымызда 51 мектепке, 1 колледжге, 1 педагогикалық институт пен Білім академиясына берілген. Тұғыш-педагог атымен бірқатар елді мекен, көптеген көше аталған, мұражайлар ашылған. Білім беру саласының үздіктері үшін «Ы.Алтынсарин» медалі тағайындалған



Ыбырай Алтынсариннің Қостанай облыстық мемориалдық мұражайы

30

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН





30

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН



30


ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН



Ыбырай Алтынсарин кесенесі – ұлы ұстаз және ағартушының моласы орнындағы ескерткіш. Ескерткіш Тобыл өзенінің оң жағалауында Қостанай қаласынан 7 км жерде орналасқан

30

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН





30

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН

Ыбырай Алтынсарин мұраларын жан- жақты мол қамтып, зерттеген ғалымдар М.Әуезов, Қ. Жұмалиев, Қ. Жармағамбетов, Ш. Сәтпаева, Ә. Сыдықов, Ә. Дербісалин. Ыбырайтанушы Б. Сүлейменов, Қ.Жарықбаев, С. Қалиев және тағы басқалары ұлы ағартушының өмірі мен қайраткерлік қызметі туралы жазды.



Қазақстан тарихына көз жіберсек, көңілге медеу, көзге толық үш алып тұлғаны еске аламыз. Олар – Шоқан, Ыбырай, Абай.


Осы үш тұлға артық нәрсе – нәр алған рухани тамырының бір болуы, қазақ елін алдыңғы қатардағы мәдениетті елдер қатарына жеткізбек болуы.

Мұхтар Әуезов



30

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН



**Ыбырай исі қазақ ұстазы еді,
Білімнің төрт құбыласын ұстап еді.
Тәңірім талабына қоштық берсе,
Ғарышқа қанат байлап, ұшпақ еді.**

Отыншы Әлжанов



30

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ

ҚАЗАҚСТАН

Қазақта қолына «Әліппе» ұстап, «Кел, балалар, оқылық» деп сауатын ашқан баланың барлығы Ыбырай(Ибраһим) Алтынсариннің есімін жақсы таниды. Ғұмырын халық ағарту ісіне, мектеп ашып, кітап бастырып, бала оқытуға арнаған ұлт педагогі Ыбырай Алтынсариннің туғанына биыл 180 жыл толады. Талантты ақын, терең ойшыл, қайраткер Ыбырай Алтынсаринді қазақ ұлттық педагогикасының іргесін қалаушы деп айтуға толық негіз бар.

К.К.Тоқаев



30

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН

Назарларыңызға
РАХМЕТ!